

Jetisy ýniversiteti

JETISY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Адамзат бағындырған барша жетістіктің бас-тауын білім мен ғылым құрайды. Өркениеттің орнықты дамуында ғылымның алар орны бөлек. Ұлы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», деген сөзі бүгінгі күнде өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Осы орайда ғылым қызметкерлері – университеттің локомотиві десек қателеспейміз. Себебі, білім ордасының ғылыми әлеуеті мен алаа жылжуы ғалымдарымызға тікелей тәуелді.

Жетісу университетінің ғылыми техникалық базасы дамыған, инфрақұрылымы зор. Қазіргі таңда университетте 8 нысаналы-бағдарламалы қаржыландыру, 7 гранттық қаржыландыру, 11 «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру, 1 коммерциализация бағыты бойынша жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Сіздердің атқарған жұмыстарыңыздың нәтижесі – университеттің барлық жетістіктерінің негізі. Өйткені зерттеулеріңіз арқылы білім шекарасы кеңейді. Маңызды

мәселелерді шешудің жаңа жолдары анықталады және қоғам дамиды.

Ғылым және жоғары білім саласында табысты еңбек етіп жүрген баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Еңбектеріңізге жеміс, шығармашылық табыс, ғылым жолында жаңа ізденіс тілеймін!

Ермек БЕРІБАЕВ,
Басқарма төрағасы – ректор,
заң ғылымдарының докторы, профессор.



ҒЫЛЫМ — ЖАНЫП ТҰРҒАН ШЫРАҚ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде ғылым қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Ғылым декадасы аясында өткен мерекелік жиында Басқарма төрағасы-ректор Ермек Бөрібаев университет қызметкерлері мен ғалымдарын ғылым қызметкерлері күнімен құттықтады.

«Ғылым қызметкерлері – университеттің жаны мен жүрегі. Олардың ашқан жаңалықтары, жұмыстарының нәтижесі – университеттің барлық жетістіктерінің негізі. Қазіргі кезде Жетісу университетінде 13 ғылым докторы, 86 ғылым кандидаты және 32 PhD докторы қызмет атқарады. Олар педагогикалық қызметімен қатар ғылыми жұмыспен де айналысып, екі саланы қатар алып келеді», – деді ректор.

Кәсіби мереке қарсаңында ғылым және жоғары білім саласында табысты еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлер Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбелі үшін», «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен, Ғылым және жоғары Білім министрлігінің және Ректордың

Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты шараға арнайы келген Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев өңірлік ғылымды дамытып жүрген ғалымдарды кәсіби мерекесімен құттықтап, облыс басшысының алғысын жеткізді.

«Мемлекеттің тікелей қамқорлығының арқасында өңірлердегі ғылым мен білім саласы жылдан жылға жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Осы орайда Жетісу университеті ғалымдарының үлесі зор. Өңіріміздің игілігі үшін бірлесіп атқарған еңбеліміз жемісті болсын», – деді Марлен Қапашұлы.

Сондай-ақ, Ғылыми сападағы қажырлы еңбелі мен қоғамның дамуына қосқан үлесі үшін университеттің Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев, Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры Қуат Баймырзаев, э.ғ.д., профессор Данияр Калдияров, п.ғ.д., профессор Сабыркуль Сеитова, п.ғ.д., профессор Хализа Наубаева Жетісу облысы әкімдігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты жиын университет өнерпаздары ұйымдастырған мерекелік концертке ұласты.





ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

Ғылым декадасы аясында өткен мерекелік жиында Басқарма төрағасы-ректор Ермек Бөрібаев университет қызметкерлері мен ғалымдарын ғылым қызметкерлері күнімен құттықтады.

«Ғылым қызметкерлері – университеттің жаны мен жүрегі. Олардың ашқан жаңалықтары, жұмыстарының нәтижесі – университеттің барлық жетістіктерінің негізі. Қазіргі кезде Жетісу университетінде 13 ғылым докторы, 86 ғылым кандидаты және 32 PhD докторы қызмет атқарады. Олар педагогикалық қызметімен қатар ғылыми жұмыспен де айналысып, екі саланы қатар алып келеді», – деді ректор.

Кәсіби мереке қарсаңында ғылым және жоғары білім саласында табысты еңбек етіп жүрген бірқатар қызметкерлер Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Ректордың Құрмет грамотасымен,

Алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты шараға арнайы келген Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев өңірлік ғылымды дамытып жүрген ғалымдарды кәсіби мерекесімен құттықтап, облыс басшысының алғысын жеткізді.

«Мемлекеттің тікелей қамқорлығының арқасында өңірлерде ғылым мен білім саласы жылдан жылға жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Осы орайда Жетісу университеті ғалымдарының үлесі зор. Өңіріміздің игілігі үшін бірлесіп атқарған еңбегіміз жемісті болсын», – деді Марлен Қапашұлы.

Сондай-ақ, Ғылыми саладағы қажырлы еңбегі мен қоғамның дамуына қосқан үлесі үшін университеттің Басқарма Төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев, Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының директоры Қуат Баймырзаев, э.ғ.д., профессор Данияр Калдыаров, п.ғ.д., профессор Сабырқұл Семтоа, п.ғ.д., профессор Хализа Наубаева Жетісу облысы әкімдігінің Алғыс хатымен марапатталды.

«ЗАМАНАУИ ӨСІМДІКТЕР ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ»

Ғылым апталығы аясында Биотехнология және Экология ҒЗИ ұйымдастыруымен «Заманауи өсімдіктер шаруашылығының ғылыми негіздері» атты теориялық және практикалық уоркшоп өтті.

Уоркшопқа Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті тағы басқа ғылым және жоғары білім беру мекемелерінің мамандары қатысты.

Уоркшопта еліміздің аграрлық саласының дамуына үлес қосып жүрген Бақыт Айнебекова, Ақерке Амалова, Айдана Сабитова, Қанат Ермекебаев, Әйгерім Бәкірова, Қанат Әбдуақасов сынды ғалымдар өсімдіктер селекциясындағы соңғы жаңалықтарымен бөлісті.

Сондай-ақ қатысушылар Жетісу университетінің Орта Азияда баламасы жоқ селекциялық процестерді жеделдетуге арналған «Speed Breeding» платформасымен танысты.



«АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Педагогика және психология факультетінде «Арнайы білім беру мәселелерін зерттеу» орталығы ашылды.

Аталмыш орталық Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Зүлфия Мовкебаеваның жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан «Мүмкіндігі шектеулі білім алшыларды бейімалды даярлауға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» ғылыми жобасының негізінде құрылды.

Шараға Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев қатысып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда орталықтың маңызы зор екенін атап өтті. Орталық көру, есту, тірек-қимыл және тағы басқа дамуында шектеулі бар балаларға арналған арнайы құрылғылармен жабдықталған. Сонымен қатар бұл орталықта арнайы педагогика және психология мәселелері, арнайы білім

беруді жүзеге асыру бойынша қолданбалы зерттеулер, теориялық және оқу-әдістемелік әзірлемелер дайындалады.

Арнайы аудиторияның ашылуына келген ғалымдардың қатысуымен «Қазақстан Республикасында арнайы білім беру: тәжірибе және даму тенденциялары» тақырыбында республикалық деңгейде үстел өтті.

Онда ҚазҰПУ профессоры З.Мовкебаева, аға оқытушы М.Увалиева, Сарқан қаласының облыстық №3 арнайы мектеп-интернатының директоры Б.Сарсенбаева, облыстық есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп интернатының қызметкері К.Мухаметрахимова және Жетісу университетінің инклюзивті білім беру бағытын зерттеп жүрген ғалымдары Г.Жолтасова, Б.Альмухамбетова баяндама жасады.



«XXI ҒАСЫР: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Ғылым декадасы-2025» айлығының ресми ашылуы өтті. Ғылыми шара «XXI ғасыр: ғылым және инновациялар» атты жас ғалымдар мен студенттердің республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясымен басталды.

Конференцияны Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев ашып, ғылым декадасының салтанатты ашылуымен құттықтады.

«Ғылым қызметкерлері күніне орай білім ордасында сәуір бойы университетшілік, облыстық, республикалық халықаралық деңгейде жүзеге жуық түрлі ғылыми іс-шаралар өтеді. Жас ғалымдарды ынталандырып, олардың инновациялық жобаларын ілгерлету мақсатында Ғылым декадасын арнайы жас ғалымдар мен студенттердің республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясымен бастап отырмыз. Өткен аптада Старт-ап жобаларының байқауы өтсе, Құқық және экономика факультетінде «Құқық, экожүйелер және тұрақты дамуды зерттеу» орталығы ашылды. Бүгінгі күннің өзінде

Жетісу университетінің жас ғалымдары 11 ірі ғылыми жобаны іске асырып жатыр. «Enactus Zhetyssu» командасы «ENACTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO 2025» жарысының «World Cup» лигасында жартылай финалға өтті, мұның өзі университет студенттерінің ғылымға деген құлшынысын білдіреді», – деді Ермек Әбілтайұлы.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Astana IT University, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жас ғалымдары баяндама жасады.

Конференция «Білім және ғылым: жаңа тәсілдер мен әдістемелер», «Цифрландыру дәуіріндегі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану және физика-математикалық зерттеулер: технологиялар және перспективалар», «Құқық және экономикалық өзекті мәселелері» бағыттары бойынша секциялық мәжіліске жалғасты.

«ЗАМАНАУИ ҰСТАЗ: ИНТЕЛЛЕКТ, ШАБЫТ, ШЕБЕРЛІК»



Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Заманауи ұстаз: интеллект, шабыт, шеберлік» атты XVI Республикалық пәндік олимпиадасы өтті.

68013 – «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша өткен білім сайысына еліміздің барлық педагогикалық жоғары оқу орындарынан 18 команда қатысып, бақсынады.

Олимпиаданың ашылу салтанатында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бәрібаев құттықтау сөз сөйлеп, еліміздің әр қиырынан келген студенттерге сәттілік тіледі.

Республикалық пәндік олимпиада төрт кезең бойынша ұйымдастырылды.

«Заманауи ұстаз келбеті» атты алғашқы айнымалыда командалар өздерін таныстырса, «Күш – білімде!» атты теориялық кезеңінде болашақ педагогтардың кәсіби білімі мен тапқырлығы тест тапсыру арқылы сынға түсті.

«Мүғалім – білім сиқыршысы» атты үшінші кезеңде командаларға шығармашылық тапсырма берілді. Онда сайыскерлер сындарлы ойлау, шығармашылық ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын көрсетті.

«Педагогикалық симфония» кезеңінде ашық бейне сабақтар өткізіліп, болашақ маман ретінде шеберліктерін шыңдай түсті. Олимпиада қорытындысы бойынша

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің «Ustazh Nation» командасы үздік деп танылып I орынды жеңіп алды.

Абай атындағы ҚазҰПУ – «AbaiStar's» және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Sygwave – «Сыр толқыны» командалары II орынды иеленді.

III орын Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті («Yessenov Jastary», Е. Бекетов атындағы Қарағанды университеті – «Samruk», ҚазҰҚызПУ – «Inside» командаларына берілді.

Университет қабырғасында алған теориялық білімдерін тәжірибемен шебер ұштастыра білген өзге де командалар «Шабыттандырушы ұжым: интеллект және шеберлік», «Зияткерлік көшбасшылар», «Педагогикалық ғажайып жасаушылар», «Заманауи білім майталмандары», «Жаңа білім шеберлері», «Білім мен шабыттың ұжымы», «Инновациялық тәсілдердің шебері», «Кәсіби шеберліктің үлгісі», «Көгерімен қозғаймы», «Үздік педагогикалық тәжірибе», «Креативті сабақ», «Ең шығармашыл команда», «Педагогикалық шабыт» номинациясы бойынша марапатталды.

XVI республикалық пәндік олимпиадасы студенттердің болашақ мамандығына қызығушылығын арттырып, кәсіби қабілетін ашуға, білімді жастарды қолдауға бағытталып отыр.

ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР

Ғылым декадасы аясында Жетісу университетінде жас ғалымдар мен докторант, магистранттарға арналған ғылыми семинар өтті.

Семинар барысында ҚР ҰҒА Жас ғалымдар кеңесінің президиум мүшесі, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының лауреаты, PhD докторы Диас Тастанбеков «Технологиялық дайындық деңгейлері (TRL) және коммерцияландыру: табысты жобалардың стратегияларын» тақырыбында субелі баяндама жасады.

Технологияларды коммерцияландыру жөніндегі мамандар Альянсының жетекшісі

Арын Орсариев жүзеге асырылған жобалардың мысалдар мен тәжірибе негізінде коммерцияландырудағы нақты кейстерді көрсетті.

Семинарға қатысушылар ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру процесі, технологиялық дайындық деңгейлері және инновацияларды нарыққа сәтті енгізу стратегиялары туралы құнды білім алды.

Іс-шара танымдық және мазмұнды атмосферада өтті. Ғылыми семинарға қатысушылар аталмыш тақырыпқа байланысты сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

«STUDY IN KAZAKHSTAN» КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ

Жетісу университетінің өкілдері Маңғыстау облысы Ақтау, Жаңаөзен қалаларында өткен «Study in Kazakhstan» халықаралық университеттер көрмесіне қатысты.

Онда еліміздің 50-ден астам жетекші оқу орындары өз университеттерін таныстырып, білім беру бағдарламалары туралы ақпарат берді.

Жетісу университетінің өкілдері Марке политехникалық университетінің филиалы, 6808102 Агрономия-Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары білім беру

бағдарламасы, академиялық ұтқырлық және университет инфрақұрылымы жайлы айтты.

Жетісу университетіне қызығушылық білдірген тұлғаларға имидждік өнімдер таратылды.

«Study in Kazakhstan» халықаралық университеттер көрмесі – өңір талапкерлеріне кәсіптік бағдар, жоғары оқу орындары туралы жан-жақты ақпарат беруде, сонымен қатар халықаралық ынтымақтастықты нығайтуда маңызды шара болды.

сұхбаттасып зерттеу жобаларының нәтижелерін көрді. Экскурсия интерактивті форматта өтті, бұл қатысушыларға ғылым әлемімен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, болашақ талапкерлер білім беру бағдарламалары және университетте оқу мүмкіндіктері туралы толыққанды ақпарат алды.

«ZU SCIENCE TOUR» – ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНЕ ҚЫЗЫҚТЫ САЯХАТ!

Жетісу университетінде «ZU Science Tour» атты 10–11 сынып оқушылары мен олардың ата-аналарына арналған ғылым-танымдық экскурсия өтті. Іс-шара аясында қонақтар заманауи лабораториялар, зерттеу орталықтары және университеттің ғимараттарын аралады.

Қатысушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарын көріп, инновациялық технологиялармен танысты. Жас ғалымдармен



«ҚҰҚЫҚ, ЭКОЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ЗЕРТТЕУ» ОРТАЛЫҒЫ

Құқық және экономика факультетінде «Құқық, экожүйелер және тұрақты даму» зерттеу орталығы ашылды.

Салтанатты жиында Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Бауыржан Таубасов сөз сөйлеп, орталықтың маңызына тоқталды.

«Бұл орталық ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жер қатынастарын реттеудегі заманауи сын-қатерлер: тарихи-құқықтық талдау» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында ашылып отыр. Орталық – құқық, экожүйелер және тұрақты даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, кешенді зерттеулердің нәтижелерін ғылыми айналымға енгізуге көмектеседі», – деді проректор.

Орталықтың басты мақсаты – аумағындағы жер қатынастарын зерттеу, жер қатынастарының экономикалық мәні, өңірдегі жер меншігі мен шаруашылық формаларының қалыптасуы мен дамуының тарихи кезеңдерін анықтау, жерге меншік пен оны пайдалану құқықтарын жүзеге асыру мақсаттарында мемлекеттік шаруашылық жүргізу, ауылшаруашылық жерлерін пайдалану, жер айналымы жағдайының тиімділігін анықтау, жер қатынастарын реттеудің экономикалық механизмі, ауыл шаруашылығына арналған жерлердің айналымы механизмін жетілдіру, аграрлық және ұлттық саясаттың нәтижелерін ашып көрсету, жер саласындағы экологиялық қауіпсіздіктерге құқықтық зерттеу жүргізу, жер заңнамасына, экологиялық заңнамаларға толықтырулар мен өзгерістер әзірлеу.

«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. КОММУНИКАЦИЯ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



Ғылым айлығы аясында Гуманитарлық факультеті Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен шетел тілдері кафедрасының негізін қалаушы, көрнекті ғалым, профессор Майра Рахметқызы Катенованы еске алуға арналған халықаралық конференция өтті.

Конференцияның мақсаты филология, мәдениеттану және педагогика салаларындағы ғылыми ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ Майра Рахметқызының ғылыми мұрасын насихаттау.

Конференцияға АҚШ, Франция, Түркия сынды елдердің және Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарынан ғалымдар қатысып, қазіргі тілдік және әдеби зерттеулер, мәдениетаралық коммуникация, тіл оқытудың инновациялық әдістері сияқты өзекті тақырыптарда баяндама жасады.

Ғылыми пікір алмасуында шетелдік және отандық мамандар тәжірибе бөлісіп, бірлескен зерттеу жобаларын іске асыру мәселесін талқылады.

«ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ»

Жетісу университетінде «Жансүгіров тағылымы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары І. Түстікбаев, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Бас директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, т.ғ.к. Ш. Тілеубаев, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қауымдастырылған профессоры м.а., ф.ғ.к. Е. Қасен, Жетісу облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Ф. Тұрсынбай, М. Тынышбайұлы атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейі қызметкері Қ. Абдрахманұлы, Гуманитарлық факультеттің деканы, т.ғ.к. Е. Буланов, ф.ғ.к.

С. Қожағұлов, студенттер, магистранттар, докторанттар қатысты.

Конференция барысында Ілияс поэзиясындағы алаштық рух, бабаларға арналған туындыларының лингвотанымдық сипаты, ақын еңбектерінде көрініс тапқан Жетісудағы 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері, «Құлагер» поэмасындағы лингвистикалық интеллект ұғымы кеңінен талқыланды.

Конференция секция жұмысымен жалғасты. Жиында белсене қатысқандарға арнайы сертификат берілді.

Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары алдағы уақытта жинақ болып басылып шығады.

Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.

Ғылымды бар елдің ғұмыры мәңгі болады

Ермек БӨРІБАЕВ,
Басқарма төрағасы – ректор,
заң ғылымдарының докторы,
профессор.



Өз экономикасын дамытуға және әлеуетін арттыруға ұмтылатын барлық өркениетті елдер ғылымға үлкен мән береді. Себебі кез келген ұлттың бәсекеге қабілеттілігі оның білім мен инновациялық дамуымен өлшенеді. Енді біздің елімізде ғылым да мемлекет тарапынан қолдауға ие болды. Алдыңғы қатарлы зерттеу инфрақұрылымын құруға қомақты қаражат бөлініп, жастарды ғылымға тарту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазіргі уақытта ғылымға сүйенетін елдер даму жағынан әлемде көш бастап тұр. Бұл елдерге қосылу үшін біз ғылымға ерекше көңіл бөлуіміз керек, яғни ғылымды қарқынды дамудың теге жолы деп қарауымыз керек». Президент ғылымға ден қойған жастарға үлкен қолдау көрсетілетінін жиі айтады. Оқытушылар құрамы – университеттің жаны мен жүрегі. Олардың ашқан жаңалықтары мен еңбектерінің нәтижелері университеттің барлық жетістіктерінің негізін құрайды. Өйткені инновациялық зерттеулер білімнің шекарасын кеңейтіп, маңызды мәселелерді шешудің жаңа жолдарын анықтайды, қоғамды дамытады. Қазіргі таңда Жетісу университетінде 13 ғылым докторы, 86 ғылым кандидаты және 32 философия докторы қызмет етуде. Олар оқытушылықпен қатар, бір қайықтағы екі ескек сияқты екі саланы ұштастырып, ғылыми жұмыстармен де айналысады. Жетісу университеті – бұл тек өңірлік ЖОО ғана емес, сонымен қатар жоғары ғылыми және инновациялық инфрақұрылымы, үлкен әлеуеті және жарты ғасырдан астам тарихы бар оқу орны. Биыл университет базасында Ақолиогиялық зерттеулер және медиа-технологиялар орталығы мен Huawei ақпараттық технологиялар академиясы ашылды. Орталық Азияда теңдесі жоқ Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институтының, Академиялық шеберлік орталығының, Жедел селекция орталығының негізі қаланды. Жаңа зертханалар, арнайы оқу сыныптары, заманауи бейне студия және қажетті техникалық жабдықтар жас ғалымдарға, оқытушыларға және ғылыммен айналысатын студенттерге оңтайлы жағдай жасайды. Университет кітапханасы деректер қорына қосылған онда сіз әлемдік ғылыми қоғамдастықтың соңғы ғылыми зерттеулеріне қол жеткізе аласыз. Сонындай бай мүмкіндіктердің арқасында университет ғалымдары ғылыми жұмыстармен айналысады және отандық ғылымның дамуына өз үлестерін қосуда.



Қазіргі уақытта университетте бағдарламалық-ғысаналы қаржыландыру бойынша 8 жоба, гранттық қаржыландыру

бойынша 7 жоба, «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру бойынша 11 жоба және коммерцияландырудың 1 бағыты іске асырылуда. Соңғы жылдары біз білім беруде, ғылыми жұмыста және басқа салаларда айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Университет IQAA Ranking (IQAA) білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі өткізген 2024 жылғы институционалдық (жалпы) рейтинг нәтижелері бойынша үздік көп бейінді жоғары оқу орындарының бестігіне кіреді. Әлемдегі және Азия континентіндегі 1000 үздік университеттің қатарына кіреді. Жоғары білім беру жүйесі дамудың жаңа бағыттары мен қуатты ынталандырулар кешінін алды, ғылым саласында перспективалы жобалар жүзеге асырылуда. Жақында біздің төрт ғалым ғылыми жобаны жүзеге асыру үшін 1,1 миллиард теңге грант ұтып алды. Сонымен қатар, Еуропалық комиссия қаржыландыратын «Көкімек» бағдарламасы аясында екі халықаралық жоба жүзеге асырылуда. Бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында бес жоба жеңімпаз атанды. Бұл университет тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға. Ғалымдарымыздың гранттық жобаларының нәтижесінде университетте бірнеше ғылыми орталықтар ашылды. Мәселен Құдық және экономика факультетінде «Құдық, экожүйелер және тұрақты дамуды зерттеу» орталығы ашылды. Онда ғалымдар құдық, экожүйелер және тұрақты даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, кешенді зерттеулердің нәтижелерін ғылыми айналымға енгізеді.

Педагогика және психология факультетінде Жетісу облысында аналогы жоқ инклюзиялық білім беруге арналған «Арнайы білім беру мәселелерін зерттеу» орталығы ашылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда орталықтың маңызы зор. Аудитория көру, есту, тірек-қимыл аппараты және тағы басқа



дамуында шектеуі бар балаларға арналған арнайы құрылғылармен жабдықталған. Сонымен қатар мұнда арнайы білім беруді жүзеге асыру бойынша қолданбалы зерттеулер, теориялық және оқу-әдістемелік әзірлемелер дайындалады. «500 ғалым» бағдарламасы бойынша университет оқытушылары мен ғалымдары шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтіп, жетекші ғылыми орталықтарда білімдерін арттырды. Олар Джордж Вашингтон университетінде және АҚШ-тағы Иллинойс университетінде, Испаниядағы Гранада университетінде, Италиядағы Марке Политехникалық Университетінде (UnivPM) және Англиядағы Реддинг университетінде білімдері мен дағдыларын жетілдірді. Барлығы университет 70-тен астам шетелдік жоғары оқу орнымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатты. Олардың арасында Польша, Чехия, Швейцария, Швеция, Малайзия, Болгария, Корея, Португалия, АҚШ, Италия және Венгрия сияқты елдер бар.

Шетелде оқу – келген жастар үшін арман. Алайда білімді жастардың басқа елдерге кетіп, қайтып оралмауы біздің дамушы еліміз үшін үлкен проблема. Бұл тұрғыда қос диплом бағдарламасы «шетелде» оқуға және шекарадан өтпей-ақ халықаралық тәжірибе

алуға мүмкіндік береді. Жетісу университеті Пшасныш қаласындағы (Польша) Лингвистикалық-техникалық университетімен, Слупскідегі Померан университетімен, Жилин университетімен (Словакия) және Алтай мемлекеттік университетімен қос дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламалары шеңберінде бірқатар магистрлік бағдарламаларды іске асырады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен Жетісу университетінде Италияның Марке Политехникалық университетінің «Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары» – «Агрономия» қос дипломы білім беру бағдарламасы бойынша филиалы ашылуда. Оқуды сәтті аяқтаған студенттерге ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары саласында бакалавр дәрежесін беру туралы италияндық диплом және ауыл шаруашылығы саласында бакалавр дәрежесін беру туралы қазақстандық диплом табыс етіледі.

Халықаралық сұранысқа ие қос дипломды бағдарламалар түлектерінің еңбек нарығында



табысқа жету мүмкіндігі жоғары. Сапалы білім берумен қатар, жастардың дұрыс мамандық таңдап, қоғамда өз орнын табуына көмектесу – оқу орнының маңызды міндеті. Жетісу университеті түлектерді жұмысқа орналастыру міндетін барынша тиімді және нәтижелі іске асыру үшін бірнеше бағыт бойынша жұмыс істейді. Нәтижесінде студенттердің жұмысқа орналасу деңгейі бакалавриат үшін 88 пайызды, магистратура үшін 95 пайызды және докторантура үшін 100 пайызды құрайды.

Білім беру мекемесі қызметінің басым бағыттарының бірі – еліміздің нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандарды даярлау.

«Менің мамандығым – менің болашағым» жобасы аясында біз жергілікті әкімдікпен бірлесіп, Жетісу өңіріндегі кадрлар тапшылығының өңірлік картасын әзірледік.

Мамандар өңірге қажет бес саланы анықтады: өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіптік кешен, энергетика және жаңартылатын энергия көздері, ақпараттық технологиялар мен байланыс, сондай-ақ туристік сала.

Қазіргі өзінде Лияс Жансұпов атындағы Жетісу университетінде салалық атластар негізінде әзірленген бес білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлануда. «Агрономия» – ауыл шаруашылығындағы жаңа технологиялар жөніндегі маман, «Агрономия» – ауыл шаруашылығы ғылымы мен технологиясы, «Ақпараттық жүйелер архитектурасы» – АТ-экожүйелер саулетшісі, «SMART-жүйелерді жобалау» – әмбебап ЖИ әзірлеушісі, «Түризм және қоңақ үй бизнесі» – туристік бағыттардың брәнд-менеджері.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мен түлектерді халқы шамадан тыс көп ірі мегаполистерге кетпей, аймақтық жоғары оқу орындарында оқып, туған жерге қызмет етуге шақырамын. Бұл студенттердің алаңсыз білім алуымен қатар, шың көш-қонды реттеуге және урбанизацияны тежеуге көмектеседі.

Егер адам капиталы елдің табысының басты өлшемі болса, студенттердің жетістігі – оқу орнының басты көрсеткіші. Университет студенттері түрлі конкурстар-



да, соның ішінде пәндік олимпиадаларда, спорттық жарыстарда, шығармашылық және зияткерлік конкурстарда жетістіктерге жетіп, университетіміздің ғана емес, қапамыздың, еліміздің абайройын асқақтатып келеді. Мысалы, Қазақстанда алғаш рет өткен Enactus World Cup 2024 әлем чемпионатында Жетісу университетінің студенттерінен құрылған «Enactus Zhetysu» командасы бүкіл республика атынан қатысып, финалға шықты. Республикалық кубокта Жетісу университетінің «Enactus Zhetysu» командасы чемпион атанса, «Enactus Zhansugurov college» екінші орынды иеленді. Бұл университет үшін ғана емес, Жетісу өңірі үшін де үлкен жетістік.

Сондай-ақ 26 жоғары оқу орны қатысқан республикалық зияткерлік сайыста университетіміздің «7.Pro» командасы бас жүлдені жеңіп алса, студенттеріміз 5 000 АҚШ долларының грантына ие болды. Біздің спорттағы жетістіктеріміз де маңызды. Мысалы, 2024 жылы ғана студенттер Әлем, Азия, халықаралық және республикалық чемпионаттарда керемет өнер көрсетіп, 26 алтын, 20 күміс және 10 қола медаль жеңіп алды. Олардың жетістіктері біз үшін үлкен қуаныш, өйткені еліміздің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар. Қазіргі таңда жанашыр ғалымдар мен талантты жастарға сұраныс жоғары. Ғылым және жоғары білім министрлігі жастардың ғылыммен айналысуына қолайлы жағдай жасауда. Жетісу университетінде жастардың бастамаларын ынталандыруға бағытталған «Жас ғалым» атты университеттік ішкі байқау бар. Жыл сайын мұндай ғылыми жарыстарға қатысушылардың саны артып келеді. Олардың ер бағыт бойынша жобалары отандық және әлемдік өндіріске бағытталған.

Болашақта ғылыммен белсенді айналысатын жастар арасында Анет Ибраимов, Самат Серікбаев, Қуаныш Жақпаев, Әлия Ақтымбаева, Жалғас Ахметов, Диас Қасқырбаев және Асхат Тоқанбаев сияқты жас ғалымдар бар. Қазіргі уақытта олар «Қадағалау жүйесіндегі автономды үшқаршысз ұшу аппараты», «Электрлік зияткерлік мотоцикл», «Электрлік пит-байк», «Электрлік үш велосипед» және «Көп функциялы автономды үшқаршысз ұшу аппараты» өнертабыстарына патент алды. Бұл біз үшін, университетіміз үшін үлкен жетістік.

Он екі ғасыр бұрын ұлы ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби «Ғылымсыз елдің болашағы жоқ» деген екен, ал қазір технология мен ғылым дамыған заманда не: «Ғылыми дамыған елдің болашағы жарқын» дер едім. Ғылымның маңыздылығын терең түсінуге, ғылыми зерттеулерді одан әрі қолдау және дамыту – адамзат болашағына қажетті негізгі шарттардың бірі. Ал Лияс Жансұпов атындағы Жетісу университетінің ғалымдары ғылым саласындағы үлкен жетістіктерге ұйытқы болып, оның жаңа деңгейіне көтерілуіне атсалысуда.

ҒАРЫШКЕР, ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ, УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕГІ АЙДЫН АЙЫМБЕТОВПЕН КЕЗДЕСУ



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттері «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны АҚ басқарма төрағасы, ғарышкер, Халық қаһарманы, университет түлегі Айдын Айымбетовпен кездесті.

Кездесуді Басқарма төрағасы-ректор Ермек Бөрібаев жүргізді. Жиын барысында Айдын Айымбетов студенттерге «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешінің қызметі туралы ақпарат берді.

«Байқоңыр» – әртүрлі орбитапарға зымыран ұшыра алатын санаулы ғарыш аймақтарының бірі. Мұнда ондаған ұшыру алаңы, құрастыру-сынау корпусы, ұшуды басқару орталығы мен зертханалар орналасқан. Қазір Байқоңырда жаңа ғимараттар салып, зымыранның құлау аймақтарын жаңғыртып жатырмыз. Бұл экология мен қауіпсіздік үшін аса маңызды. Осыған орай 150-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Бізге инженер, техник, телеметрия

және қауіпсіздік мамандары, электрмеханика саласындағы қызметкерлер қажет. Сіздермен кездесудің мақсатымыз бірі – жаңа жұмыс орындарына қызметке шақыру, деді Айдын Айымбетов.

Кездесуде «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны АҚ мен Жетісу университеті арасында кадр даярлау туралы Меморандумға қол қойылды. Ректор Ермек Әбілтайұлы маңызды кездесу үшін Айдын Ақанұлына алғыс айтып, алдағы уақытта IT, эколог, физик, мамандарын ғарыш саласына бағыттауын айтты.

Меморандум аясында университет студенттері «Байқоңыр» ғарыш аймағында табылымдамадан өту, түрлі зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Ашық форматтағы кездесуде Айдын Айымбетов студенттердің сұрағына жауап беріп, алғаш ғарышқа ұшқандағы әсерін, жалпы еліміздегі ғарыш саласының болашағы туралы ойымен бөлісті.

ИЖЕ, ЧЕМ Т... МАЕШЬ
СТЬЮ КОМА...
ЕЛАЕТ ИСТО...



ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ - БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ!

БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары саласындағы Қазақстанның ұлттық индикаторларын өзектендіру мәселелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және бизнес Жоғары мектебінің маңызды міндеті.

ТДМ экономикалық, әлеуметтік және экологиялық үш компонентті біріктіру арқылы тұрақты дамуға қол жеткізуге ықпал етуге арналған. Тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі арасындағы тығыз байланыстың болуы климаттық өзгерістердің елеулі салдары және шектеулі табиғи ресурстарды сақтау және «жасыл» экономикаға көшу қажеттілігі айқын болған кезде өзекті болады. Осы мақсаттарды іске асыру экономика мен әлеуметтік өмірдің негізгі сапаларын дамытудың басым бағыты. Атап айтқанда SDG4.

Мақсат-жан-жақты және өділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету өмір бойы білім алуға мүмкіндік жасау. Бұл үшін экономика және бизнес жоғары мектебі студенттер мен оқытушылар үшін барлық жағдайларды жасауда. «Жаһандық өзгерістер жағдайындағы орнықты экономикалық даму парадигмасы: сын-тестіруіндер, салдарлар, мүмкіндіктер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, ғылым, бизнес және өндіріс инте-

грациясы» форумы, ал қазір ынтымақтастық пен процесс аясында Экономика және бизнес Жоғары мектебінде салтанатты ашылу рәсімі етті аудиториялар: "тұрақты даму мақсаттары" аудиториялары ("Экономика" кафедрасы), "Менеджмент және бизнес-білім беру" орталығы жанындағы аудиториялар ("менеджмент" кафедрасы).

Салтанатты шараға ҚазҰУ Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың міндетін атқарушы Марғұлан Ибраимов, факультет ұжымы және білім алып жатқан жастар қатысты.

Техникалық және дизайнды соңғы трендтермен жабдықталған аудиториялар ЭБЖМ деканы Г.Р. Даулиеваның тікелей қатысуы мен ұйымдастырылуының, "ПСК Строй-Инвест" ЖШС ұжымы мен "Baurdaq" компаниясының демеушілік көмегінің арқасында студенттер мен оқытушылар біздің университеттің де, еліміздің де дамуы үшін ТДМ іске асырушылары болған және болатын заманауи көрме орны мен орталығына айналады.

**А. ЕРЕЖЕПОВА,
Б. НҰРМАНОВА,
«Экономика» кафедрасының
аға оқытушылары**

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕҢЕСШІСІ МӘЛІК ОТАРБАЕВ КЕЛДІ



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевпен кездесу өтті. Кездесуге Жетісу облысы әкімінің орынбасары Мәріс Келбасов, университеттің оқытушылары мен ғалымдары және студенттері қатысты. Басқарма төрағасы-ректор Ермек Бөрібаев Жетісу өңіріне Президент кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы Мемлекет басшысының Ұлттық Құрылтайдағы бастамаларын түсіндіру бойынша қызметтік сапармен келгенін жеткізді.

Елімізде төртінші рет өткен Ұлттық Құрылтай отырысы туралы тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі Гүлбану Ишқапова баяндама жасады. Ол баяндамасында қазақ мәдениеті мен руханияты, азаматтық қоғамның дамуы, білім мен ғылым, әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жан-жақты талдау жасады. Сондай-ақ тарих мамандығының 3-курс студенті Қаламқас Жұмаділ жастар арасындағы жүгенсіздік пен тәртіпсіздікке қойылған тосқауылдарды жастардың құлтайтынын айтып, өз ойын білдірді.

Кездесуде Мәлік Отарбаев Ұлттық құрылтай қызметінің негізгі мақсатына тоқталып, Ұлттық құрылтайда қабылданған шешімдер азаматтық қоғамды нығайтуға, еліміздің әлеуметтік-экономикалық өсуіне негіз болатынын айтты.

«Ұлттық Құрылтай 2022 жылдан бері елдің болашағын айқындайтын стратегиялық институттың біріне айналып келеді. Оған дәлел алдыңғы Құрылтайда көтерілген мәселелер бойынша нақты шешімдер қабылданып жүзеге асырылуы. Биыл да Ұлттық Құрылтайда қоғамдағы ең өзекті мәселелер талқыға түсіп, елдің келешек дамуы мен өркендеуіне бағыт-бағдар беретін тың ұсыныстар айтылды»-деді президент кеңесшісі.

Сонымен қатар Мәлік Нұржанұлы студенттерге мемлекетті нығайту, сыртқы және ішкі саясат, Әділетті Қазақстанды құру, ұлттық болмысты сақтау, адами құндылықтар жөнінде мазмұнды дәріс оқып, жастарды мықты маман, адал азамат болуға шақырды.

Жиынды қорытындылаған ректор Ермек Әбілтайұлы Президент кеңесшісі Мәлік Нұржанұлына мазмұнды кездесу үшін алғыс білдірді.

ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ ЖЕТІСУДА

«Менің елім» тарихи-өлкетанымдық жобасы аясында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне келді.

Елорда жастарын І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев қабылдады.

«Жетісу - тарихи-географиялық аймақ. Жоба аясында қаламыздың көрікті жерлерін аралап, тарихи-мәдени орындарымен танысып, жақсы көңіл-күй, тамаша әсермен қайтады деп сенемін. Осы өңірдегі іргелі оқу орны, жарты ғасырдан астам тарихы бар Жетісу университетіне қош келдіңіздер!» - деді ректор.

Қазақстан студенттерінің Альянсы Жетісу университеті филиалының төрағасы, Жастар саясаты бөлімінің омбудсмені, Жаратылыстану-техникалық факультетінің студенттік деканы Нұржан Койчубаев жобаның екі университет жастарының мәдени қалыптасуы, азаматтық даму жолында өзара тәжірибе алмасуына мұрындық болатынын айтты.

Қонақтар білім ордасын аралап, материалдық-техникалық базасымен танысты. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Наурыз мерекесіне арналған іс-шарасына қатысып, концерттік бағдарламасын тамашалады.



«ҒАЛЫМ – ҒЫЛЫМ – ҒҰМЫР»

Физика-математика факультетінде ғылым декадасы аясында «Ғалым – Ғылым – Ғұмыр» тақырыбында еске алу көші өтті.

Іс-шара барысында факультет құрылған күннен бастап, көп жылдар бойы еңбек еткен ғалымдар Қаден Бопбаев, Жанарбек Бүркітбаев, Айтжамал Нұғысова, Қанабек Намазбаев, Жөніпалды Нысамбаевтың ғылыми қызметі мен өмірлерін естеліктер айтылды. Олардың ғылыми еңбектері дәріптелді. Сонымен қатар, кеште Еск қорғанынан табылған Алтын адам жазуларын 30 жыл зерттеп, құпиясын физика-математикалық әдіспен ашқан жаратылыстанушы ғалым Мағрипа Жылқыбаеваның ғылыми мұрасы таныстырылды. Ғалымдардың өмір жолы мен еңбектері ғылымға талпынған жастар үшін үлгі.

Инновация мен ғылым тоғысқан білім ордасы



Ел Президенті ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейтіп, ғылыми жаңалықтарды нақты өмірде пайдалануға әрекше көңіл бөлу қажеттігін атап өткен болатын. Бұл тапсырма бүгінде көптеген жоғары оқу орнының даму бағытына айналып отыр. Соның жарқын үлгісін І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің тәжірибесінен көруге болады.

Жақында университет жанынан биотехнология және экология бағытында ғылыми-зерттеу институты ашылды. Мұнда сүт өнімдерін зерттеу, бие сүтіне микроана-

лиз жасау сынды жобалар қолға алынған. Алдағы уақытта бұл зерттеулер жергілікті кәсіпкерлердің өндірістік қажеттілігіне қызмет етпек. Ендігі міндет – ғылымды коммерцияландыру, аграрлы Жетісу өңіріне қажетті кадрларды даярлау. Осы мақсатта университетте ауылшаруашылығына бейімделген жаңа зертханалар іске қосылып, қазіргі таңда бидайдың жаңа сорттары мен сирек кездесетін жеміс ағаштары көбейту жұмыстары қолға алынған. Бұл жобалар Орталық Азия аумағындағы жалғыз Speed Breeding орталығында жүзеге асуда.

Университеттің халықаралық серіктестіктер

аясында үлкен жетістіктерге жетіп отырғанын атап өткен жөн. Мысалы, Италияның Марке политехникалық университетімен бірлескен бағдарлама нәтижесінде студенттер шетелдік оқытушылардан білім алып, қос диплом иегері атануда.

Жас зерттеушілер мен өнертапқыштарға да барлық жағдай жасалған. Бытыр ENACTUS WORLD CUP 2024 байқауына еліміздің атынан қатысқан Жетісу университетінің студенттері финалға дейін жетті. Олар ұсынған жобалар – түрлі түсті жүгері мен ерекше тауық тұқымы ауылшаруашылығына тың серпін әкелмек.

Техникалық бағыттағы ізденістер де өз жемісін беріп отыр. Университет оқытушылары мен студенттері бірлесіп «Nomad-X» деп аталатын электромоторцикл жасап шығарды. Жылдамдығы сағатына 100 шақырымды құрайтын бұл кәлік – экологиялық таза әрі болашақтың көпірі болуға лайық.

Университет әлеуметтік салаға да айрықша көңіл бөліп келеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар санының артуына байланысты «Арнайы педагогика» мамандығы ашылып, заманауи инклюзивті білім беру кабинеті жұмыс істей бастады. Студенттерге теория мен тәжірибе қатар ұсынылып, ерекше балалармен жұмыс жүргізудің заманауи әдістері үйретілуде.

Ақпараттық технология бағыты да белсенді дамып келеді. «Huawei» компаниясының қолдауымен іске қосылған инновациялық

орталықта студенттер жасанды интеллект, сайт жасау, цифрлық жүйелермен жұмыс істеу сияқты заманауи дағдыларды меңгеруде. Қазіргі таңда бұл салада 500-ге жуық студент білім алуда.

Цифрлық жүйеге толық өткен университетте барлық қызмет түрі электронды форматта жүзеге асады. Студенттер кез келген анықтаманы немесе өтінішті онлайн түрде ала алады. Оқу орнында заманауи жатақхана, кино-бөлме, асхана және спорт аймақтары қарастырылған. Студенттер айына 9 мың теңге төлеп, барлық мүмкіндікті қолдана алады.

Оқу орнының материалдық-техникалық базасы да үнемі жаңартылып келеді. Мысалы, журналистика мамандығына арналған мультимедиа орталығында студенттер подкаст жазып, автоматты түрде бейнемонтаж жасап, болашақ тележурналист мамандығына еркін қадам басуда. Осы салада білім алып жатқан 1-курс студент Томирис Айсаяева:

– Журналистика – бала күнпi арманым. Қазір оқуымды сүйіспеншілікпен оқып жатырмын. Болашақта елге танымал тілші болғым келеді, – дейді.

Бүгінде Жетісу университетінде 91 мамандық бойынша 5 мыңнан астам студент білім алуда. Білім мен ғылымды, жаңалық пен тәжірибені үйлестіре білген оқу орны Жетісу өңірінің ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышы.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
"Жетісу" газеті

ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. И. ЖАНСУГУРОВА ИДЕТ В НОГУ СО ВРЕМЕНЕМ

В учебном заведении, сохраняя былые традиции, успешно внедряют инновационные технологии, что, несомненно, позволяет повысить качество образования.

Состоялся масштабный пресс-тур в Жетысуский университет имени Ильса Жансугурова, приуроченный ко Дню работников науки. Профессиональный праздник посвящен ученым, исследователям и всем, кто своим трудом способствует развитию технологий и инноваций, передает корреспондент Vestnik19.kz

В этом направлении Жетысуский университет делает очень много. Только за 2024 год введено в эксплуатацию три новых научных объекта: технопарк, теплица пятого поколения, центр академического превосходства, а также открыты свыше 10 научных лабораторий. В стенах учебного заведения работают более 100 научных работников, ослепленных докторов наук, кандидатов наук, молодые ученые, прошедшие стажировку по программе «Болашақ».

В приветственной встрече с представителями СМИ глава вуза рассказал о будущих планах.

В первую очередь необходимо увеличить финансирование научных проектов. В этом году наблюдается определенный рост. Если доля финансирования науки в 2023 году была около 400 миллионов тенге, то в прошлом году мы достигли почти 3 миллиардов тенге. Надеемся, в текущем 2025 году довести до 5 миллиардов тенге, – отметил он.

Пресс-тур включал посещение ключевых локаций, демонстрирующих не только образовательный потенциал вуза, но и его вклад в развитие инноваций в стране.

Среди них Центр аксиологических исследований и медиатекологий, созданный в декабре прошлого года. Он центр открыт в рамках программно-целевого финансирования «Эволюция и трансформация ценностей ориентаций казахстанского общества в период неопределенности». Мультимедийная студия оснащена новыми компьютерами, интерактивной доской и другими техническими средствами, что помогает преподавателям проводить занятия и семинары с использованием современных методик и инструментов.

Нашему вниманию была представлена деятельность Центра обслуживания обучающихся, который является важным звеном

в обеспечении качественного сопровождения образовательного процесса и поддержки студентов на всех этапах их обучения. Его основной задачей является предоставление услуг всем обучающимся в максимально доступной, прозрачной и удобной форме с момента зачисления до его выпуска. В рамках проекта «Услуга в один клик» автоматизированы все ключевые внутренние процессы, что позволяет существенно сократить время на обработку заявлений и получение важных документов.

Кабинеты инклюзии произвели на нас глубокое впечатление. Две лаборатории, сосредоточенные на научном и учебно-методическом направлениях специального и инклюзивного образования, предоставляют методическую помощь педагогическим работникам, обучающимся, магистрантам, учителям и специалистам специальных образовательных учреждений. Основная цель этих лабораторий – формирование навыков решения профессиональных задач в области диагностического, исследовательского и коррекционного обучения студентов специальной педагогики, а также культурно-просветительской деятельности. Они направлены на обновление и углубление знаний студентов в научно-профессиональной и психолого-педагогической сферах, основываясь на современных достижениях.



В университете также функционирует Академия информационно-коммуникационных технологий Huawei, открытая в апреле 2024 года с целью подготовки высококвалифицированных специалистов в сфере ИКТ. В рамках пресс-тура также была посещена

лаборатория молекулярной генетики и геномики, где ученый Жетысуского университета Канат Еркебаев исследует генетический код пшеницы, выращенной в странах Центральной Азии, и разрабатывает методы быстрой селекции. Он получил грант от Министерства науки и высшего образования РК на 2024–2026 годы в размере 149 484 042 тенге.

Лабораторию биотехнологий микробиологического направления представила Жадыра Сагыман, доктор философии в области биоинженерии и заведующая лабораторией. Здесь изучают микробиом ферментированных и молочных продуктов, их безопасность и функциональные свойства.

Далее наш маршрут привел нас в лаборато-

между вузами был заключен договор о совместной образовательной программе, в рамках которой запущена специализированная программа «Сельскохозяйственные науки и технологии» – «Агрономия».

Выпускники этой программы получают двойное образование: итальянский диплом бакалавра в области сельскохозяйственных наук и технологий, а также казахстанский диплом бакалавра в области сельского хозяйства. На данный момент в филиале обучаются студенты 1-2 курсов.

Во время экскурсии ректор университета Ермек Бурибайев продемонстрировал журналистам инновационные разработки университета. В учебном цеху были модернизированы обычные велосипеды и мототехника, и в планах – вывести эти разработки на коммерческий рынок.

Особое внимание привлекло собственное производство мебели университета. С 2018 года на территории второго корпуса работает учебно-производственный цех, оснащенный современным оборудованием. Это не только обеспечивает учебное заведение необходимой мебелью, но и предоставляет студентам практический опыт работы с современными станками.

Пресс-тур завершился экскурсией в спортивно-оздоровительный комплекс, включающий бассейн и современное общежитие. Здесь созданы все условия для комфортного проживания студентов и поддержания их физической формы на высоком уровне.

Жетысуский университет имени Ильса Жансугурова не только активно развивает научные направления, но и создает все условия для подготовки высококвалифицированных специалистов, способных внести значимый вклад в будущее Казахстана. Вуз становится важным центром инноваций и технологий, где наука и образование идут рука об руку. С каждым новым проектом и инициативой он подтверждает свою роль в формировании современного образовательного ландшафта страны. Вдохновленные увиденным, участники пресс-тура покидают учебное заведение с уверенностью в том, Жетысуский университет – это не просто учебное заведение, это кузница кадров, которая готовит будущее Казахстана, опираясь на традиции, инновации и международное сотрудничество.

Диана КАНАПЬЯНОВА,
газета "Вестник Жетісу"

ОРЫС ТОПТАРЫНДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕР ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН ТАНЫСЫП, ОНЫ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРМА ЖАСАДЫ. НАЗАРЛАРЫҢЫЗға 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІ ДИДИЧИНА ЗЛАТА МЕН РАИСОВА МЕЛИССАНЫҢ АУДАРМА ӨЛЕДЕРІН ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ. ЖЕТЕКШІЛЕРІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚАЗЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОРЫ ДҮЙСЕН АҢСАБАЕВ.

«ОТАН»

МУҚАГАЛИ МАҚАТАЕВ

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған
Бәрі маған «Отан!» деп сыбырлаған
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан!
Отан!
Бәрінен биік екен
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен.

«РОДИНА»

МУҚАГАЛИ МАҚАТАЕВ

Я люблю ее ночь и люблю ее день,
Реку бурлящую, гор высоких тень,
Люблю язык ее, святой и мощный,
Люблю я голос ее звучный.
Люблю всех существ, что там живут,
Что шепча мне, «Отчизна!» зовут.
Душа моя, выйди на свет,
Стань жаворонком, что песни поет!
Отчизна! Отчизна! Ты выше всего.
Я буду любить тебя вечно, давно ре-
шено.
Не любить — горе, любить — еще
больше беда,
Любовь к тебе — это пламя всегда.



ДИДИЧИНА ЗЛАТА

«ШӘКІРТ БАЛАЛАРға»

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

Балдыраған балғын балалар,
Мойнына қызып байлаған
Майысып сұлу меусі,
Түрлерің гүлдей жайнаған
Мектеп боп ынтық — әуесі,
Жасынан білім ойлаған
Айналам сендей жеткіншек,
Қарасам көзім — тоймаған
Мәуелі сендер бәйшешек
Өмірдің жазын тойлаған
Ұялы мен бір бейтерек
Ортаңда көктеп бойлаған
Сендерді қоссам жырыма
Саңқылдап үнім сайраған
Қаздаңдап кірі саусағым
Ішекте бойлап ойнаған
Мектептен сендер келгенше
Тағы да бір жыр ойланам,
Келген соң айтып бермесем,
Балалар, кінә қой маған!

«УЧЕНИКАМ»

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

Молодые, юные побеги,
С алыми лентами на плечах,
Тончайшие ветви, как яблони,
С цветами, что светятся в лучах.
В школу вас тянет не зря,
С детства в знания погружены.
Любуюсь вами, ростками,
Вам бы вечно быть со мной.
Вы — цветы, что весной расцветели,
Лето жизни встречают с теплом.
Я, как старое дерево, с вами
На поляне расту день за днём.
Ваши образы в песне слагаю,
И пою, как кувшинкой плету.
Пальцы к струнам рвутся игриво,
Мелодией сердце пою.
Жду вас со школы обратно,
Придумаю новую песнь.
А если забуду сказать вам,
Детки, простите уж здесь!



ЖАСЫМДА ҒЫЛЫМ БАР ДЕП
ЕСКЕРМЕДІМ
АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын кере тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді ұысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрум қалмағымна кім жазалы,
Қолымды деп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы — бала деген,
Баланы оқытуды жөк көрмедім.
Баламды медресеге біп деп бердім,
Қызмет қылсын шен алсын деп бермедім.
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.
Еңбегіңді бігерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

В юности презрелъм знанье я покрыл
Хотя и видел пользу, как должно.
Когда же возмужал, оно не снизошло,
И, махнув рукой, я понял — всё прошло.
Кто виноват, что знаньем обделён я стал?
Махнул бы вовремя, тогда б успех познал?
Одна лишь радость в жизни мне дана —
Учить детей своих я не сполна.
Отдал я сына в медресе, чтоб знанья брал
Не ради службы, чина, что он ждал.
Вперёд скакал я, на вершину устремлялся,
Казахам в красноречии достойно отвечал.
Но труд мой оценить никто не мог,
И жизнь спокойную я счёл за блага.

«ҚАРАШАШ»
ҚАСЫМ АМАҢЖОЛОВ

Институтта жүр оқып
Қазақ қызы Қарашаш.
Оқы, оқы, қарындас,
Туған елге білім шаш.
Қарашашым қара көз,
Жарасасың өмірге.
Кірпігің нұр, көзің күң,
Тамашасың өзін де.
Апапарың алдында,
Сіңілерің соңында.
Келеді өсіп Қарашаш,
Алтын томдар қолында.

Учится в институте,
Казахская девушка — Карашаш.
Учись, учись, сестрёнка,
Чтоб землю знанием озарять.
Карашаш, черноглазая моя,
Ты в жизнь уверенно вступаешь.
Ресницы как свет, а глаза как солнце,
И знаньем мир ты озаряешь.
Сестры рядом, и сестры вокруг,
Растёт Карашаш, наша гордость.
В руках её — золотые томы,
И мудрость, и вечная молодость.



РАИСОВА МЕЛИССА

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ұжымы наурыз мерекесін атап өтті. Басқарма төрағасы – Ректор Ермек Бөрібаев жыл басы – Наурыз мейрамымен құттықтап, Ұлыстың ұлы күні – Наурыздың маңыздылығын атап өтті. "Ежелден халқымыз аз Наурыз мерекесін ерекше тойлаған. Наурызнама аясында университет ұжымы көптеген игі шаралар ұйымдастырды. Университет ауласына ағаш көшеттерін отырғызып, көгалдандыру, тазалау жұмыстарын жүргізді. Наурыз мейрамы тек қуанышты тойлау ғана емес, өткенді саралап, болашаққа жоспар құрудың уақыты. Жетісу университетінің ғылым және жоғары білім саласында жетістіктері әрқайсысының қажырлы еңбектерінің арқасы" - деп ұжымға алғыс білдірді. Мерекелік шарада университеттің барлық факультет мен құрылымдық бөлімдері ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын қойылымдар қойды. Халқымыздың ұлттық киім үлгілері дәріптеліп, ғасырлар бойы қалыптасқан спорттық ойындар мен сан түрлі тағамдар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Университет алаңына тігілген ақшаққан киіз үйлер мереке ажарын айшықтай түсті. Дәстүрімізді дәріптеп, ұлтымыздың ұлығын айшықтайтын шара білім ордасының өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Мерекелік шараның дресс коды «Ұлттық киім үлгісі» болды. Оған мың адам ұлттық киіммен келді.



НАУРЫЗ—ЖЫЛ БАСЫ!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҰПРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2016 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттелді.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №458
Таралым 2000 дана

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды